



tirshilik-tyyny.kz ақпараттық агенттігі

Аудан әкімінің мерекелік құттықтауы!

Құрметті сырдариялықтар!

Баршаңызды 10 тамыз – Абай күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Атаулы күн – қазақ халқының ұлы перзенті, кемеңгер ақын, данышпан ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының мол рухани мұрасын ұлықтайтын, ұлттық құндылығымызды дәріптейтін ерекше мереке.

Хәкім Абай – халқымыздың рухани жаңғыруына өлшеусіз үлес қосқан, қазақтың ой-санасын жаңа белеске көтерген бірегей тұлға. Оның өлеңдері мен қара сөздері ғасырлар өтсе де өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Ұлы ақынның ғылым мен білімге ұмтылу, адал еңбек ету, әділдік пен адамгершілікті ту ету жөніндегі өсиеттері бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды. Сондықтан Абай мұрасы – ұлттың рухани темірқазығы, елдің өркендеу жолындағы мәңгілік бағдаршамы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы Абай мұрасын кеңінен насихаттау – ұлттық сананы жаңғыртудың маңызды бағыты екенін әрдайым атап келеді. Себебі данышпан шығармалары ел бірлігін нығайтуға, жас ұрпақты білімге, еңбекке, отансүйіштікке және биік адамгершілік қасиетке тәрбиелеуге қызмет етеді.

Бүгінде Сыр өңірінде де ұлы ақынның шығармашылығын дәріптеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Ауданымызда Абай оқулары, әдеби-мәдени кеш, шығармашылық кездесу мен сан түрлі танымдық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып, жас буынның ұлттық әдебиетке, ана тіліне және төл мәдениетімізге деген құрметін арттыруға ықпал етуде. Ұлық мереке – ұлы тұлғаның аманатына деген тағзымның, рухани сабақтастықтың жарқын көрінісі.

Қадірлі жерлестер!

Абайды оқу – өткенді тану ғана емес, болашаққа сеніммен қадам басу. Ұлы ақынның тағылымды мұрасын ұлықтау арқылы біз ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, жас ұрпақтың бойына отансүйіштік, білімге құштарлық пен елге қызмет ету қасиетін сіңіреміз.

Осынау мерейлі мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, баянды бақыт, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Еліміздің бірлігі бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы, жұртымыздың рухы асқақ болсын!

Абайдың асыл мұрасы халқымыздың рухани өмірінде мәңгі жасай берсін!

Құрметпен,
Берік СӨРМЕНБАЕВ,
Сырдария ауданының әкімі

ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНАН ЖЕТКЕН МӘҢГІЛІК МҰРА

Осыдан алты жыл бұрын атаулы мерекелер тізбесіне енген Абай күні туралы пікірінде Президентіміз бұл күннің той қуалайтын емес, ой қуалайтын дата екенін айтқан еді. Мемлекет басшысы айтқандай, ғұламаның өлшеусіз еңбегіне орай белгіленген атаулы күнді ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани дамуға, дамытуға арнау маңызды. Осы тұрғыдан келгенде Абай күнінің мән-маңызы айрықша, көтерер жүгі ауыр. Абай мұрасы – ұлтымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам болмысының терең қатпарын толық қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршеңдігімен қымбат.

2020 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Үкімет Абай күнін белгілеп, еліміздің атаулы мерекелік даталар тізбесіне енгізді. 10 тамызға белгіленген атаулы күн – қазақ қоғамы үшін тарихи оқиға және ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың жаңа белесіне болды.

Абайдың әдеби мұралары – қазақтың бітім-болмысын, ұлттық ерекшелігін тамыршыдай дөп басумен өміршен. Әдетте, «ұлттық ерекшелік» дегенімізде, қазақтың батырлығы, шешендігі, дархан мінезі, қонақжайлығы ойға оралады. Бірақ, Абай осы бір мақтаулы сипаттарымызға басқа қырынан да қарады.

Абай Құнанбайұлы туралы індетте ізденгендер көп. Солардың ішінде Абайдың бұрын-соңды қазақ ақын-жырауларына ұқсамайтын даралығын алғаш тілге тиек еткен Ахмет Байтұрсынұлы мен Мағжан Жұмабаев еді. Мағжан ақын 1912 жылы «Шолпан» журналында «Алтын хәкім Абайға» деп өлең арнаса, Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақала жазды. Одан кейін Абай Құнанбайұлының өзін, шығармашылығын зерттеп, көлемді, ауқымды еңбектер жазған ғалым-жазушылар қатарында Мұхтар Әуезов, одан



беріректе Мекемтас Мырзахметұлы, Рахманқұл Бердібаев, Тұрсынбек Кәкішев, Ғаббас Тоғжанов, Ғарифолла Есім есімдерін ерекше айтып өтуге болады.

Қазақтың бас ақыны өз мәні мен маңызы жоғары шығармалары арқылы елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болып, қалың ұйқыдағы елге қозғау салып, бас асыл іс пен бес дұшпанды ажырата білу керектігін дәріптеді. Алға жылрудың негізі терең білім мен ғылымсыз бос әуре екенін нақты мысалдармен жеткізді. Ақын халықтың ізденісті серік етіп, оқып-үйренгенін, тіл менгергенін, заман талабына сай кәсіп игергенін қалады. Әр шығармасында елді ынтымақ пен бірлікке шақырып, жастарды жалқаулықтан, ұйқышылдықтан, рушылдықтан, бір-бірін күндеуден, көре алмаушылықтан, жат әдеттерден аулақ болуға үндеді. Сондықтан Абай мұрасы отаншыл, адал, парасатты, білімді, білікті ұрпақ тәрбиелеудің түпкі негізі болып табылады. Осы ретте, ұлы ақынның шығармаларын қазіргі заманның талаптары мен тетіктерін ескере отырып, барлық салада кеңінен насихаттаған жөн.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бас ақынымыз туралы зерттеу еңбектері баршылық. Жер-жерде Абай Құнанбайұлының ескерткіштері де қойылған. Әрбір елдімекенде баба атымен аталған көше де бар. Ал Абай туралы фильмдердің көбі – деректі фильмдер. Онда көбіне Абай өмірінің үш кезеңі көрсетіледі. Біріншісі – ата-анасының, әжесінің қасында жүрген бала Абай, екіншісі – ер жетіп сезімдері бұршік атқан жас Абай, сондай-ақ егде тартып, шәкірт тәрбиелеген даналық кезеңі.

Халық қаншама тарихи кезеңдерді бастан өткерсе де, Абай мұрасы, Абай өсиеті жол көрсетер темірқазығы, бой түзейтін айнасы, ой түзейтін кемеңгері болып қала бермек. Абай мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын қайнар көзі. Абай есімі ұлттық сана-сезімде мәңгі аталатын ұлы тұлғаға айналды. Абай Құнанбайұлының асыл мұрасы халқымызды білім мен ғылым сапарына жетелеп, санасында мәңгілік сақталары хақ.

А.МҰХАНБЕТҚАЛИ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖАҚСАРУЫ АУДАН ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың өмір сүру сапасын арттырудың басты тетігінің бірі ретінде денсаулық сақтау саласын дамытуға ерекше мән беріп келеді. Медициналық қызметтің сапасын жақсарту, жеке-келеген емдеу мекемесінің материалдық-техникалық базасын нығайту, тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау – заман талабы. Осы бағыттағы жұмыстың басым бөлігі Сырдария ауданында да жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Сырдария аудандық ауруханасында жұмыс сапарымен болып, денсаулық сақтау мекемесінде атқарылып жатқан жаңғырту және күрделі жөндеу жұмысымен танысты. Аудан басшысы алдымен күрделі жөндеуден өткен «Терапия» бөлімшесінің қазіргі жағдайын көріп, атқарылған жұмыстың сапасына назар аударды.

«Терапия» бөлімшесінде жүргізілген күрделі жөндеу жұмысы нәтижесінде, бөлімшенің ішкі келбеті толықтай жаңарып, заманауи талапқа сай қалыпқа келтірілген. Жөндеу кезінде қабырғалар толық сырланып, сапалы бояу жұмысы жүргізілген. Ескі есіктердің орнына жаңа үлгідегі есіктер орнатылып, еденге тозуға төзімді жаңа линолеум төселген. Мұның барлығы емделушілерге жайлы орта қалыптастырып қана қоймай, медицина қызметкерлерінің де тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жөндеу жұмысы кәсіпорын тарапынан бөлінген қаржы есебінен жүзеге асырылып, мердігер мекеме барлық міндеттемесін белгіленген мерзімде әрі сапалы орындаған. Құрылыс уақытында қолданылған материалдардың сапасы мен орындалған жұмыстардың талапқа сәйкестігі де назардан тыс қалмаған.

Аудан әкімі ем алушылармен пікірлесіп, тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру – әрдайым басты назарда болуы тиіс екенін айтты. Емдеу мекемесінің материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы халыққа көрсетілетін қызметтің деңгейін жаңа сатыға көтеруге болатынын атап өтті.

– Халық денсаулығы – мемлекет дамуының негізгі көрсеткішіне жатады. Сондықтан аудан тұрғындары сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек алуы үшін емдеу мекемесінде барлық қажетті жағдай жасалуы қажет. Инфрақұрылымды жаңарту, медициналық бөлімшені заман талабына сай жабдықтау және қызмет көрсету сапасын үздіксіз жетілдіру – біздің басты міндетіміз, – деді аудан басшысы.

Бұл ретте, Берік Әбдіғәппарұлы аудандық аурухананың «Қабылдау» бөлімшесінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысын да көріп, құрылыс барысын бағамдады. Бұл бөлімше – науқастарды алғашқы қабылдайтын маңызды құрылым болғандықтан, мұнда қолайлы жағдай жасау медициналық қызмет сапасына тікелей әсер етеді. Жөндеу аяқталғаннан кейін «Қабылдау» бөлімшесінің мүмкіндігі артып, тұрғындарға қызмет көрсету үдерісі



анағұрлым тиімді ұйымдастырылмақ.

Аудандық аурухананы аралау кезінде аудан әкімі «Госпиталды фармация» бөлімшесінің қайта жаңғырту жұмысына мән берді. Аталған бөлімшенің жаңартылуы дәрілік заттарды сақтау, есепке алу және емдеу бөліміне уақытылы жеткізу жұмысын халықаралық талапқа сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Өз кезегінде ауруханадағы емдеу процесінің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға оң ықпал етеді.

Жалпы, аудандық ауруханада жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстары тұрғындардың сапалы медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Өз кезегінде аудандық аурухананың бас дәрігері Жанар Жұмабаева алдағы уақытта атқарылатын бірнеше жобаға тоқталды.

Инфрақұрылымның жақсаруы – науқастың жайлылығын арттырып қана қоймай, дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің еңбек өнімділігін де көтереді. Заманауи талапқа сай жабдықталған бөлімшелер емдеу сапасын жаңа деңгейге көтеріп, аудан тұрғындарының денсаулығын нығайтуға қызмет етеді.

Жұмыс сапарының қорытындысында аудан әкімі жауапты сала басшыларына құрылыс және жаңғырту жұмыстарын белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтауды, сондай-ақ көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын үздіксіз жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

Б.ОРДАБЕКОВ

АУДАН МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ОҢ БАҒА БЕРІЛДІ



Апта ағымында Сырдария ауданына Қазақстандағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Елдік офисінің, денсаулық сақтау саласындағы ұлттық оператор – «Tugar Healthcare» КЕАҚ-тың және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің» Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығының» өкілдері арнайы жұмыс сапарымен келді.

Жұмыс сапарының негізгі мақсаты – өңірдегі алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету жүйесінің жұмысымен танысу, халықаралық стандарттардың енгізілу барысын бағалау, медициналық ұйымның қызметіне мониторинг жүргізу, сала мамандарымен тәжірибе алмасу және әдістемелік қолдау көрсету.

Делегация құрамында ДДҰ-ның НІІР бағдарламасы бойынша стандарттар жөніндегі консультанты Далида Мұқашева, цифрлық шешімдер жөніндегі консультанты Жанар Тәткеева, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығының НІІР бағдарламасының консультанты Аружан Сәтбай болды. Сондай-ақ Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының экономика мәселелері жөніндегі орынбасары Бектас Нұрдинов қатысты.

Жалғасы 3-бетте

АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ШЫРАҒДАНЫ

Адам өмірінде уақыт өткен сайын қадірі арта түсетін көптеген дүние болады. Соның бірі – мектеп қабырғасында жаттап, кейін өмірдің әр бөлесінде қайта оралып отыратын Абайдың қара сөзі. Бастауыш сыныпта оқып жүрген кезімде алғаш жаттаған шығарманың қатарында Абай Құнанбайұлының он жетінші қара сөзі де бар еді. Ол кезде қайрат, ақыл, жүректің өзара таласып, соңында Ғылымның төрелік айтатынын қызық көріп жаттадық. Ұстазымыз әр сөзін мәнерлеп оқытып, жатқа сұрайтын. Біз үшін бұл қара сөз жай ғана жаттау тапсырмасы болатын. Арада жылдар өтті. Өмірдің жастық кезеңіңдеміз. Сонда түсінгенім – бастауыш сыныпта жаттаған сол қара сөздің салмағы тұтас бір өмірдің философиясына айналған екен. Әр жолын қайта оқыған сайын жаңа ой түйесің, жаңа мағына табасың. Өйткені Абай адам табиғатын бір ғасыр бұрын емес, дәл бүгінгі күнге арнап жазып кеткендей әсер қалдырады.

Негізінен, он жетінші қара сөз – қазақ дүниетанымындағы ең терең философиялық еңбектің қатарына жатады. Мұнда Абай адамның бойындағы үш ұлы қасиет – қайрат, ақыл және жүректі сөйлетеді. Әрқайсысы өз артықшылығын дәлелдеп, адам өміріндегі орнын айқындауға тырысады. Дәудың соңғы төрелігін ғылым айтады. Сонда ғылым үшеуінің де қасиетін мойындай отырып, бір ғана шешім шығарады: бәріне билік жүргізетін – жүрек болуы керек.

Ғылымның шешімі – жай ғана әдеби тәсіл емес. Бұл – адам өмірінің формуласы.

Қайрат болмаса адам алға жылжымайды. Еңбек етпейді. Мақсатына жетпейді. Ақыл болмаса дұрыс шешім қабылдай алмайды. Не пайдалы, не зиян екенін ажырата алмайды. Ал жүрек болмаса адамда мейірім болмайды. Ар қалмайды. Ұят түгесіледі. Әділет жоғалады. Абайдың ұлылығы

– осы үшеуінің ешқайсысын жоққа шығармайды. Керісінше, олардың бірлігі ғана адамды кемелдікке жеткізетінін айтады.

Қазіргі қоғамға қарасақ, Абай көтерген мәселенің өзектілігі бұрынғыдан да арта түскендей. Адам технология дамыған, ақпарат тасқыны күшейген, уақыттың жылдамдығы артқан дәуірде өмір сүріп жатыр. Бірақ адамның бір-біріне деген ықыласы бұрынғыдай ма? Біреудің мұңына ортақтасуға уақыт табамыз ба? Өзімізбен өзіміз сырласуға мүмкіндік бар ма? Көпшілік таңнан кешке дейін күйбең тірліктің соңында. Бірі – несие жабудың қамымен жүреді. Бірі – мансап қуады. Бірі – байлық жинауға тырысады. Таң ата телефонға үніліп, кеш бата әлеуметтік желімен ұйықтайтын заман. Уақыттың қалай өткенін аңғармайды. Осындай қарбалас өмірде адам өзінің жүрегін тыңдауды ұмытып бара жатқандай.



Бүгінгі адамның ақылы бұрынғыдан әлдеқайда күшті шығар. Ақпаратты тез қабылдайды. Айласын асырады. Кез келген мәселеден шығудың жолын табады. Бірақ сол ақылдың кейде адамшылықтан алыстатып жіберетін тұстары да кездеседі. Абайдың: «Амал да, айла да – бәрі сенен шығады» деуі бүгінгі заманға дәл айтылған сөз емес пе?

Қазіргі қоғамда кейбір адамның

жетістікке жету жолында қандай айлаға да баруға дайын екенін көріп жүрміз. Біреуді пайдалану, өтірік айту, мансап үшін ардан аттау, өз пайдасын ғана ойлау – мұның бәрі жүрекке емес, тек ақылға ғана сүйенген әрекеттер.

Ал қайрат ше? Қайрат – үлкен күш. Бірақ сол күштің қайда жұмсалатыны маңызды. Бүгінде адамның еңбекқорлығы азайған жоқ. Қайта бұрынғыдан да көп жұмыс істейді. Бірақ

сол қайраттың бәрі дұрыс мақсатқа жұмсалып жатыр ма? Кейде адам бар күшін тек дүниеге арнайды. Көлік алу үшін, үй салу үшін, атақ алу үшін, өзгеден озу үшін бар қайратын сарп етеді. Ал кітап оқуға, бала тәрбиесіне, ата-анамен сырласуға, денсаулыққа, рухани дамуға уақыт таппайды.

Ұлы Абайдың «қайраттың пайдасы да мол, зияны да мол» деуі осыдан шығар. Қайрат жүрекке бағынбаса,

ол қатігездікке айналады. Қазіргі қоғамдағы тағы бір мәселе – мақсаттың өзгеруі. Бұрынғы адам «елге қызмет етсем», «жұртқа пайдам тисе» деп армандайтын. Қазір көптеген жастың арманы – тез байып кету. Ең аз еңбектеніп, ең көп табыс табу. Аз уақытта танымал болу. Көпшілікке көріну. Бұл мақсаттың барлығы жаман көрінбеуі мүмкін. Бірақ сол мақсаттың артында адамшылық жоғалып кетпеуі керек. Хәкім айтқан жүрек болмаса, кез келген мақсат адамды өзіншілікке жетелейді. Он жетінші қара сөздегі ең құнды тұс – ғылымның соңғы айтқан қорытындысы.

«Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет.» Міне, осы бір ғана сөйлемде адамзатқа арналған үлкен өсиет жатыр. Жүрек билеген жерде әділет, мейірім, адалдық болатыны жасырын емес. Шыңдығында, жүрек билеген жерде адам өз пайдасынан бұрын елдің қамын ойлайды. Ұстаз шәкіртін шын ниетімен тәрбиелейді. Дәрігер науқасты аманат ретінде қабылдайды. Басшы халыққа қызмет етуді парыз санайды. Ата-ана баласына тек біліммен қатар, адамгершілік те береді. Абайдың қара сөзі ешқашан ескірмейді дейтініміз сондықтан.

Олар белгілі бір дәуір үшін қызмет етпейді. Адамзат үшін жазылған.

Қазіргі қоғамға керегі – тек білімді, еңбеккор емес. Бізге ең алдымен жүрегі таза, ниеті ақ, әділетті, мейірімді адам қажет. Данышпан армандаған «толық адам» – дәл осындай тұлға.

Сондықтан он жетінші қара сөзді бүгінгі қоғамның рухани теміржолы ретінде қараған дұрыс. Оны әр ұрпақ қайта оқып, қайта зерделеп, өз өміріне бағдар етсе ғана Абай айтқан адамшылық жолынан жаңылмайды. Себебі уақыт өзгереді, заман жылжиды, технология дамиды. Бірақ жүректің тазалығы, ақылдың парасаты мен қайраттың адалдығы ешқашан өз құнын жоғалтпайды.

Балтабай ОРДАБЕКОВ

АҚИҚАТ ТАРАЗЫСЫ – «АБАЙ ЖОЛЫНДА»

«Руханият орталығында» аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған «Оқуға тиіс 7 кітап» ұлттық жобасы аясында қазақ әдебиетінің жауһары – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналған «Замандастар» ток-шоуы өтті. Тағылымы терең, мазмұны бай әдеби кездесу ұлы шығармаға жаңаша көзқарас қалыптастырып, оқырман қауымды ұлттық құндылық төңірегінде еркін пікір алмасуға үндеді.



Кештің мазмұнды әрі жоғары деңгейде өтуіне аудандық орталық кітапхананың библиографы Сайра Сейтәлінің еңбегі ерекше болды. Ол «Замандастар» ток-шоуын кәсіби деңгейде жүргізіп, әрбір қатысушының пікір алмасуын шебер үйлестіріп, әрбір ойдың сабақтастығын сақтай білді.

Кеш барысында Мұхтар Әуезовтің әлем әдебиетінің алтын қорына енген ұлы туындысы жан-жақты талқыланды. Қатысушылар романдағы Хәкім Абайдың кемеңгерлігіне, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, ел басқару жүйесіне, ұлттық мінезіне және адамгершілік құндылығына кеңінен тоқталды. Олар романның тек өткен дәуірдің шежіресімен қатар, бүгінгі қоғам үшін де өміршең туынды екенін атап өтті. Әр кейіпкердің тағдыры, әр оқиғаның астарында жатқан терең философиялық ойға жетеледі.

Тағылымды кездесудің алғашқы сөзін мәдениет саласының майталманы Жантемір Айсін алып, өнер мен әдебиеттің адам тәрбиесіндегі орны жайында мазмұнды ой өрбітті. Ардақты азамат «Абай жолы» роман-эпопеясының қазақ руханиятындағы орнына тоқталып, шығармадағы бірнеше оқиғаны тарихи сабақтастық тұрғысынан саралады. Әсіресе Абай тұлғасының кемелдену жолын, оның халыққа қызмет етуді мұрат еткен ұстанымын терең талдап, ұлы ақын шығармаларының жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы әсерлі пікір айтты.

– «Абай жолы» – қазақ халқының рухани энциклопедиясы. Бұл шығарманы оқыған

адам Абайдың өмірімен бірге тұтас бір дәуірдің тыныс-тіршілігімен, халқымыздың дүниетанымымен танысады. Абай бізді ең алдымен білімге, еңбекке, адамгершілікке үндейді. Сондықтан құнды романның тәрбиелік маңызы ешқашан жоғалмайды, – деді Жантемір Айсін.

Өз кезегінде кітапхананың тұрақты оқырманы, ардагер-ұстаз Мектепхан Елеусінов романның негізгі желісінің бірі – Құнанбай мен Абай арасындағы әке мен бала қарым-қатынасына ерекше тоқталды. Ол Құнанбайдың қаталдығы мен талапшылығы, баласына деген сыншыл көзқарасы Абайдың өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпал

еткенін айтты. Ел ағасының пікірінше, шығармадағы әке мен бала арасындағы сабақтастық бүгінгі ұрпақ тәрбиесі үшін де маңызды өнеге болып табылады.

– «Абай жолы» романын әр оқыған сайын жаңа бір қырын ашасыз. Шығармада Құнанбай мен Абай арасындағы әке мен бала қарым-қатынасы өте шынайы әрі терең суреттелген. Құнанбай қатал болса да, ұлын ел басқаруға, халықтың қамын ойлайтын азамат болуға тәрбиелей білді. Әке баласына тек қамқор бола отырып, сыншы да, ұстаз да атана алғанын осы шығармадан анық көруге болады. Ал Абай сол тәрбиені бойына сіңіре отырып, өз заманының әділдігі мен ақиқатын іздеген ұлы тұлға айналды. Бүгінгі ата-аналар мен жас ұрпақ осы байла-ныстан үлкен тағылым алуы керек деп ойлаймын. Шығармадағы отбасы тәрбиесі, үлкенге құрмет, кішіге ізет, елдік пен бірлік секілді құндылықтар қай кезеңде де өзектілігін жоғалтпайды. Сондықтан «Абай жолы» – әр қазақтың өмірлік бағыт-бағдар беретін рухани мектебі, – деді Мектепхан Елеусінов.

Бұл ретте, №935 И.Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл Сәркеева романдағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарды сөз етіп, ел арасындағы байланыс пен сол кезеңдегі әменгерлік дәстүрінің көрінісіне тоқталды. Ұлағатты ұстаз Мұхтар Әуезовтің әрбір дәстүрді көркемдік тұрғыдан бейнелей отырып, сол дәуірдің қоғамдық ахуалын шынайы жеткізе білгенін атап өтті.

Аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің бас редакторының орынбасары Балтабай Ордабеков романдағы әйел-аналардың, қазақ қызының болмысын кеңінен талдап берді. Абайдың өміріндегі жары Діләнның сабырлылығы мен парасаттылығына, Айкерімнің өнерпаздығы мен нәзік жан дүниесіне, Еркежанның адамгершілік қасиетіне жеке-жеке тоқталды. Абай

мен Тоғжан арасындағы мөлдір сезімнің романдағы көркемдік мәніне ерекше назар аударып, олардың махаббаты қазақ әдебиетіндегі ең әсерлі лирикалық желінің бірі екенін айтты.

Ал №931 Т.Қозыбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлжанар Әбілова «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи, әдеби және тәрбиелік маңызына кеңінен тоқталды. Жас ұстаз Абай мұрасын оқу – өткенді тануы емес, болашаққа дұрыс бағдар алу екенін ерекше атады. Шығармадағы Зере даналығы, тектілігі мен мейірімділігіне арнайы тоқталған кеш қонағы ұлы ақынның тұлға болып қалыптасуында әкесінің тәрбиесі мен тағылымының орны айрықша болғанын әсерлі жеткізді.

Әдеби кештің көркін өнермен көмкерген мәдениет қызметкерлерінің өнері де көпшіліктің көңілінен шықты. Шіркейлі ауылдық мәдениет үйінің директоры Мақсұт Әбсәдіков хәкім Абайдың мәңгілік мұрасына айналған «Сегіз аяқ» әнін орындап, көрермендерді ерекше әсерге бөледі. Ал Абылай Байділдаев ақынның сыршыл туындысы «Көзімнің қарасы» әнін нақышына келтіре орындап, кештің рухани әсерін одан әрі арттырды. Бейбарыс Бакишев Нұргиса Тілендиевтің «Аққу» күйін тамылжыта орындады.

Кітапхананың жас оқырманы Жанасыл Әбен мен Зере Дастан Абай Құнанбайұлының жүрекке жетер сырлы өлеңдерін мәнерлеп оқып, көрерменнің ыстық ықыласына беленді. Жастардың ақын өлеңдерін шынайы сезіммен жеткізуі ұлы мұраның кейінгі ұрпақ санасында да өз орнын тапқанын көрсетті.

Кеш барысында қатысушылар бір пікірге тоқталды: «Абай жолы» – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, дүниетанымын, тарихын, рухани әлемін тұтас қамтыған теңдессіз туынды. Роман бүгінгі оқырман үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ондағы әділдік, білім, еңбек, адамгершілік, елдік, бірлік секілді құндылықтар қазіргі қоғам үшін де аса маңызды.

Мемлекет басшысы ұсынған «Оқуға тиіс 7 кітап» бастамасының көшін бастайтын «Абай жолы» роман-эпопеясын насихаттауға арналған бұл тағылымды кездесу кітаптың қоғамдағы орнын тағы бір мәрте айқындап берді. Әдеби басқосу қатысушылардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып, ұлттық әдебиетке деген құрметті нығайтты.

Ұлы Абайдың мұрасы ұлықталған аталған ток-шоу ұлттық құндылықты дәріптеудің, кітап оқуды насихаттаудың және жас ұрпақтың рухани тәрбиесін нығайтудың жарқын үлгісі болды.

Б.ҚАРАМАНТЕГІ



ШЕЖІРЕЛІ ТАРИХТЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ

КСРО-ның бірінші басшысы болып келген М.Горбачев өзімен бірге «қайта құру мен демократия» деген ұранды ала келді. Талай қиын кезеңдер бастан өтті. Өте қиын болса да 1985 жылы Тереңөзек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жолдасбек Ердешбаев Тереңөзекте екі жақсы дүниені бастап кетті. Олар – аудандық музейге ғимарат салу және ауданның балалары тынығатын демалыс лагерін салу сияқты қиын да жауапты істері. Енді сол мекемелердің қалай өмірге келгенін кейінгі ұрпақ біліп жүрсін деген мақсатпен аудандық газетке ақпарат ретінде мақала жазуды жөн көрдім.

Аудандық тарихи-өлкетану музейі

Музей үйін салмас бұрын, 1990 жылдардың аяғы мен 1991 жылдың басында ауданның бірінші басшысы мені Қызылорда облысының өлкетану музейінің директоры Қалқабай Әбеновеке жіберді. Шамасы телефонмен сөйлескен болу керек. Бұрын партия, баспасөзде басшылық қызмет атқарған кісі еді. Мені де газеттен біледі, сәлеміміз түзі болатын.

Қалқеңмен біраз әңгімелесіп музейдің аса қажет екенін, лайықты кадр бар екенін мұны аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жолдасбек Ердешбаев пен аудандық атқару комитетінің төрағасы Алмағұл Божанованың ұсынысы екенін айттым.

Сонда ол кісі жақында Тереңөзекке барып, бірінші басшылармен кеңесіп, ақылдасатынын айтты. Қ.Әбенов 1991 жылдың басында келіп, басшылармен сөйлесіп, сөз соңында облыстық музейдің филиалы ретінде ашатынын айтты. Ендігі мәселе бізде болды, аудан орталығында музейге лайық үй де жоқ. Мұны жақсы білетін Жөкең өзінің шалт қимылымен ауданға жақын орналасқан Оспан Мәлібаев атындағы совхоздың директоры Әділхан Мәлібаевты шақырып алып, біраз әңгімелесудің соңында Әділхан келісті-ау. Мүмкін Ж.Ердешбаев қатанырақ



сөйлеп үй салуды мойындатқан болар. Сонымен Ә.Мәлібаев бірнеше күннен кейін құрылысшы мамандармен келіп, қазіргі аудан әкімдігіне қарама-қарсы, бұрыштан жерді белгілеп, игілікті істі бастаған болатын. Бұл құрылысты Жөкең Шиелі ауданына ауысып кеткенше бітірді. Ендігі тірлік ауданның әкімі болып сайланған Алмағұл Божановада болды. Бір күні Алакең мені шақырып, «Музейге лайықты кадрдың бар ма? Бұл мекеме тікелей саған қарайды» дегенде, «Меніңше ауданда музей ісін білетін қолынан өнері бар, ақын, аудандық мәдениет бөлімін басқарған Сейітмұрат Ембергенов лайықты деп есептеймін, әрі баласы белгілі суретші көмектесетін болады» дедім. Алмағұл маған қарап, бір күліп алды да «...мен сені кімді ұсынар деп әдейі сұрадым. Өзімнің ойым да Сәкең еді» деді. Сонымен не керек С.Ембергеновті шақырып алып, музей жұмысын тапсырды. Ол бұл жұмысты қоғамдық негізде айлықсыз атқаратын болды.

Мен де өз тарапымнан совхоз басшыларымен, мәдениет, оқу бөлімі бастықтарымен сөйлесіп, осы игілікті іске барлығын жұмылдырдық.

Аудандағы КазТАГ-тың белгілі фототілшісі Владимир Ягунинге өтініш айтып, әрбір совхозға фото-альбом жасауды тапсырдық, әрине атқарған қызметіне совхоздар төлейтін болды.

Жалпы аудандық музей 1993 жылдан бастап айлықпен жұмыс істеді. Өйткені зейнеткер, белгілі журналист Болатбек Аманбаевты, газетте машина басқан Кеңескул Жұмабаеваны музейге орналастырған едім (мен ол кезде аудан әкімінің орынбасарымын) және музейге алғашқы экспонаттар ретінде атақты емші Садық ахунның пайдаланған кітаптарын қорға алдырдым.

Садық ахун баласы Тәждин Қодаров шын ықыласымен әкесінің құнды кітаптарының үшеуін өткізгені есімде қалыпты.

1993 жылдың соңында облыстық музейден Қ.Әбенов кеткеннен кейін, біраз уәзілістен соң шамасы 1996 жылдары музей филиал ретінде жұмыс атқарды.

А.Божанованың тікелей қамқорлығымен Сейітмұрат Ембергеновті ренжіткен жоқпыз. Нақты айлық алмаса да, қамқорлық жасалды. Өз тарапынан Сәкең қолынан келген қызметін атқарып, 1997 жылға дейін жұмыс істеді. 1997 жылдан Алмағұл Бақтыярова, содан кейін Марат Омаров атқарды. Бұл күндері Салтанат Қуандықова басқаруда.

«Жалын» тынығу-демалыс лагері немесе санатория-профилактория

Жоғарыда атап өткенімдей аудандық лагердің тұрақты орны және ғимараты болмайтын. Балалардың тынығу лагерінде демалуы қиындау еді.

Бұл қиыншылықтың аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып келген Жолдасбек Ердешбаев шешімін тапты дегуе болады. Аудан басшылары қатысқан бір жиналыста совхоз директорларына қарата айтып: «Балаларымыз әр жерде жүр, қараңдаршы, Жалағаш ауданында тұрақты балалар лагері жұмыс істейді екен, біз кімнен кембіз?». Әр совхоз Қалғадария бойындағы белгіленген жерден бір-бірден тұрғын үй есебінен үй саласындар және ішін жиназдармен қамтамасыз етуге үш ай мерзім белгілеймін деп, нақты айтқан сөзі есімде. Ал совхоз директорлары бұл істі қолға алып, үйлерін салып берді. Әсіресе Илыч атындағы совхоз (директоры Бақыт Мыханов) пен Тереңөзек совхозы салған

үйлердің сән-салтанаты жақсы болды. Аудандағы 10 совхоздың бәрі үйлерін сапалы салып, ата-аналардың алғысына бөленді.

Тереңөзектің орталығындағы қонақ үй өте ескі еді. Балалар жоқ кезде. Сырттан келетін қонақтардың біразын осы тынығу лагерінде қабылдайтын болды.

Бірде күріш ору басталар алдында ҚР бірінші басшысын да осы тынығу лагерінде қабылдағанымыз есіме түсіп отыр. Бұдан бөлек «Правда» газетінің тілшісі, «Социалистік Қазақстан» газеті мен «Парасат» журналының жауапты қызметкерлері де осында болып кетті. Басқаларын айтпағанда 2013 жылы 70 жылдық мерекемнің аяғы осы лагерде жалғасты. Осы орайда ұмытпасам «Жалын» тынығу лагерінің алғашқы директоры Әбүтәліп Есенов болды.

Аудандық архив

Тереңөзекте ғана емес, Қызылорда облысының біраз аудандарында архив атты мекеме жоқ болатын. Бірде ауданға Қызылорда облыстық архивтер басқармасының бастығы Базаркүл, облыстық мемлекеттік архив директоры Гүлсім іс-сапармен келген-ді. Олардың қасында мен жүрген болатынымын. Әңгіме үстінде архив ісі сөз болды, басқарма бастығы «...Сіздер архивке үй тауып берсеңіздер, 1-2 штат беремін» деп бізге ой салды. Бұл әңгімені аудандық атқару комитетінің төрағасы Алмағұл Божановаға айттым. Ол келісті. Енді архивке үй керек және директорлық қызметке кадр керек болды.

Жақында ғана аудандық статистикалық мекеменің басшылығына тағайындалған Темірхан Сәдуақасовқа өтініш айтып, облыстағы бастығымен сөйлесуді ұсындым. Ондағы бір-екі бөлме бос тұрғанын көрген едім. Сонымен архивке үй табылды, енді директор керек. Мен Алекаңе жоғары білімді, көп жыл аудандық коммуналдық мекемесінде аға мастер болып жұмыс істеген Жақсыбек Кетебаевты атым. Бастығым А.Божанова бұған келісті. Өйткені Ж.Кетебаевтың темір-терекстің жайын білетін майлығы мен сулығы бар, қара жұмыс деп жатырқамайтын кісі болатын.

Архивке қажетті заттарды, бөлмелерді жабдықтауды Ж.Кетебаевтың бір өзі атқарды десем артық емес. Осылайша басталған архив мекемесін Дәрікүл Смағұлова, Ұлмекен Жаналиева, Роза Бексейітова атқарғанын білеміз. Бүгінде Сырдария аудандық архивке Жәнібек Сейілов басшылық етеді.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, жазушы, ҚР еңбегі сіңген қайраткер, «Құрмет» орденінің иегері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы

АЗАМАТТАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

2026 жылғы 19 наурыздан бастап Қазақстанда «Жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енді. Бұл түзетулер жүйелі реформадан гөрі, тәжірибеде жиі кездесетін мәселелерді шешуге бағытталған.

Ең маңызды өзгерістердің бірі – ломбардтар алдындағы міндеттемелерді соттан тыс банкроттық рәсімімен алып тастау. Бұрын азаматта ломбардтағы қарыз болса, ол рәсімді қолдануға кедергі келтіретін. Енді бұл шектеу жойылды. Себебі ломбард қарыздары кепілмен қамтамасыз етілген, яғни тәуекелдің бір бөлігі кепіл мүлкін сату арқылы жабылады деп есептеледі. Практикада бұл бұрын бас тартылған көптеген азаматтарға қайтадан мүмкіндік береді.

Жаңа түзетулер белгілі бір санаттағы істер бойынша рәсім мерзімін айтарлықтай қысқартты. Егер қарыз сомасы 1600 АЕК-тен аспаса; төлем мерзімі 5 жылдан астам кешіктірілсе, онда соттан тыс банкроттық рәсімі 1 ай ішінде аяқталуы мүмкін. Бұрын рәсімнің жалпы мерзімі 6 айға дейін созылатын. Бұл өзгеріс экономикалық тұрғыдан қайтару мүмкіндігі жоқ қарыздарды жедел бағуға бағытталған.

Жалпы алғанда, енгізілген өзгерістер рәсімді жеңілдетуге және оны қолдана алатын азаматтардың санын арттыруға бағытталған. Атап айтқанда, формальды бас тарту негіздері қысқартылды; техникалық кедергілер жойылды; өтініштерді қарау тәртібі икемдірек болды. Сонымен қатар мемлекет тарапынан бақылау да күшейтілуде. Уәкілетті органдар борышкердің адалдығын, кірістерін және қаржылық мінез-құлқын мұқият тексереді. Бұл рәсім жеңілдегенімен, теріс пайдалану тәуекелдерінің алдын алу мақсатында талаптардың іс жүзінде қатаңдай түскенін білдіреді. Бұл өзгерістерді түбегейлі реформа деп айту қиын, алайда олар практикада жиі кездесетін нақты мәселелерді шешеді. Негізгі нәтижелер соттан тыс банкроттыққа қолжетімділік артты; кейбір істер бойынша мерзімдер қысқарды; формальды бас тартулар азайды; сонымен қатар бақылау деңгейі күшейді.

2026 жылғы 19 наурыздағы өзгерістер жеке тұлғалардың банкроттығы институтын біртіндеп жетілдіруге бағытталған. Заң шығарушы бір жағынан рәсімді қолжетімді етуді көздесе, екінші жағынан адал емес әрекеттердің алдын алуға тырысады. Сондықтан практикада жұмыс істейтін мамандар үшін клиенттің қаржылық жағдайын алдын ала дұрыс талдау бұрынғыдан да маңызды. Себебі талаптарға формальды сәйкестік болғанның өзінде, тексеру нәтижесінде бас тарту қаупі сақталады.

Ж.МҰСАЕВА,

Сырдария ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Туран-Барлау» ЖШСҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 17.09.2026 ж. 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті Қонаев к-сі, 8 ғимаратында 2027 жылға арналған «Майкыз» кен орнына атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындылары жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жо-спары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тын-дау өтетіндігін хабарлайды.

ZoomКонференция: https://us04web.zoom.us/j/73082818083?pwd=Jv1v8L1AKA7M54fBTx35uAwvrfAFcM8.1

Конференция идентификаторы: 730 8281 8083 Кіру коды: 9tiwvz

Ұсыныстар мен ескертулерді Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына (prd@korda.gov.kz, тел: 8-7242-60-53-62) немесе https://ndbecology.gov.kz/ жүйесі арқылы жолдауға болады.

Тапсырыс беруші: «Туран-Барлау» ЖШС, ЖСН 010540001631, тел: +77018048885.

Әзірлеуші: «ОРДА-ЭкоМониторинг» ЖШС, БСН 191240016558, Тел. +7777 785 13 46 e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru

Координаттар: 46°10'04"/66°08'00"; 45°10'57"/66°10'42"; 46°08'22"/66°10'23"

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Туран-Барлау» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 17.09.2026 года в 10:00 по адресу Кызылординская область, Сырдарынский район, с.Тереңөзек, ул. Қунаева 8, состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для месторождений «Майкыз», ПЭК, ПУО, ППМ на 2027 год

Zoom конференция: https://us04web.zoom.us/j/73082818083?pwd=Jv1v8L1AKA7M54fBTx35uAwvrfAFcM8.1

Идентификатор конференции: 730 8281 8083

Код доступа: 9tiwvz

Замечания и предложения принимаются Управлени-ем природных ресурсов и регулирования природопользо-вания Кызылординской области (prd@korda.gov.kz, тел: 8-7242-60-53-62) и через систему https://ndbecology.gov.kz/.

Инициатор: ТОО «Туран-Барлау», БИН 010540001631, тел: +77018048885.

Разработчик: ТОО «ОРДА-ЭкоМониторинг» РК, БИН 191240016558, Тел. +7 777 785 13 46 e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru

Координаты: 46°10'04"/66°08'00"; 45°10'57"/66°10'42"; 46°08'22"/66°10'23".

Б.ОРДАБЕКОВ

АУДАН МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ОҢ БАҒА БЕРІЛДІ



Ауданға келген құрметті меймандарды Сырдария аудандық ауруханасының бас дәрігері Жанар Жұмабаева қарсы алып, мекеменің бүгінгі тыныс-тіршілігімен, материальдық-техникалық базасымен және көрсетілетін медициналық қызметтердің бағыттарымен таныстырды.

Жұмыс сапары аудандық емханада басталды. Делегация мүшелері емхананың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын көріп, Жалпы тәжірибелі бөлімшенің дәрігерлері мен орта буын медицина қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастыру, пациентке бағдарланған қызмет көрсету, цифрлық шешімдерді тиімді пайдалану, медициналық құжаттаманы жүргізу және сапалы медициналық қызмет көрсету мәселелері талқыланды.

Бұл ретте, делегация мүшелері Сырдария ауданына қарасты Шаған ауылындағы дәрігерлік амбулаторияға да барды. Мей-

мандар ауылдық медициналық мекеменің жұмысына оң бағасын беріп, алғашқы медициналық-санитариялық көмектің ұйымдастырылу деңгейін, тұрғындарға көрсетілетін қызметтің сапасын, медициналық инфрақұрылымның жай-күйін және цифрлық денсаулық сақтау жүйесінің енгізілу барысын зерделеді.

Амбулатория меңгерушісі Алтынай Өмірбаева мекеменің күнделікті қызметі, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің негізгі бағыты, профилактикалық жұмыс, созылмалы ауруды бақылау, ана мен бала денсаулығын қорғау және патронаж қызметінің атқарып отырған жұмысы жөнінде жан-жақты мәлімет берді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығының өкілдері дәрігерлік амбулатория қызметкерлерімен сұхбат жүргізіп, алғашқы медициналық көмекті жетілдіру, пациентке бағдарланған қызмет көрсету, халықаралық стандартты енгізу

және цифрлық шешімді тиімді пайдалану бағытында пікір алмасты. Мамандар медицина қызметкерлеріне әдістемелік ұсыным беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Делегация мүшелері ауылдық жерлерде көрсетілетін алғашқы медициналық көмектің сапасын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмысқа жақсы көзқарас танытып, халық денсаулығын нығайтуға бағытталған бастаманы одан әрі жетілдіруге бойынша бірқатар ұсынысын жеткізді.

ДДҰ мен Ұлттық ғылыми орталықтың өкілдері медицина қызметкерлеріне халықаралық талап пен заманауи стандартқа негізделген әдістемелік көмек көрсетіп, практикалық ұсыным берді. Емдеу ісіндегі тиімді тәсіл, медициналық көмектің сапасын арттыру, басқару жүйесін жетілдіру және цифрлық технологияны енгізудің артықшылығы жөнінде пікір алмасты.

Кездесу барысында сала мамандары өздерінің күнделікті қызметінде кездесетін өзекті мәселені көтеріп, халықаралық сарапшылармен ашық пікір алмасты. Өз кезегінде мамандар қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап беріп, медициналық қызмет сапасын арттыруға бағытталған нақты ұсыныстарын жеткізді.

– Бүгінгі жұмыс сапары біздің ұжым үшін үлкен тәжірибе алмасу алаңы болды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен денсаулық сақтау саласындағы ұлттық ұйымдар өкілдерінің ауданымызға арнайы келіп, бірқатар медициналық мекеменің жұмысымен танысуы – көрсетіліп жатқан медициналық көмектің сапасын одан әрі жетілдіруге берілген мүмкіндік деп білеміз. Сапар барысында қонақтар «Паллиативтік көмек» және

ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНА СЕРПІН БЕРДІ

Ел экономикасын ілгерілетуде маңызды сала ауыл шаруашылығымен қатар құрылыс және кәсіпкерлік секторының маңызы зор. Бұл саланың бірі ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі саналса, құрылыстың да үлесі жоғары. Жыл сайын аудан көлемінде ірі құрылыс нысандары бой көтеріп, оның ішінде әлеуметтік нысандар ел игілігіне берілуде. Өңіріміз үшін маңызды саланың тыныс тіршілігі құрылысшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында сараланып, атқарылған жұмыстың нәтижесі оң бағасын алу- да.

Бүгінде бір салаға біріккен ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлім ретінде 2002 жылдан бері құрылып, бөлім басшысы мен мамандары мемлекеттік қызметтің тізгінін қолға алған. Бөлімдегі үш мемлекеттік қызметкер және тоғыз штаттан тыс қызметкер бюджет-тен бөлінген қаржының игерілуіне жұмыс атқаруда.

Бөлім басшысы Гафур Тұрлыбеков өткен жылы атқарған жұмыс жайлы тарқатып айтып берді.

– Құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласы бойынша 2025 жылы жалпы құны 672,4 млн теңге болатын 2 жобаға барлық бюджет көздерінен 424,1 млн теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда жоба құны 485,9 млн теңгені құрайтын «Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қалжан ахун елді мекенін электрмен жабдықтау» жұмысы. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 2024 жылы құрылыс жұмысын бастауға Ұлттық қордан 57,3 млн теңге қаржы бөлініп, игерілсе, 2025 жылға құрылыс жұмысы жалғасты. Ұлттық қордан 279,9 млн теңге қаржы бөлініп, толық игерілді. Құрылыс жұмыстары 2026 жылға өтпелі болып танылды, – деді бөлім басшысы.

Бөлім басшысының айтуынша, 2026 жылға қалған 137,2 млн теңге қаржысы бөлген. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары аяқталып, нысанды қабылдау үшін орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі, объектіні қарап-тексеру және тиісті акт бойынша пайдалануға қабылдауға дайындығына түпкілікті тексеру жұмысы жүргізілуде. Биылғы жылдың қыркүйек айында нысанды пайдалануға беру жоспарлануда.

Осы күні Қалжан ахун ауылына жобаға сәйкес 3 дана КТПН, 7 км-ВЛ-10кВ, 7,1 км-ВЛІІ-0,4 кВ электр желісі және көше жарықшамдары орнатылған. Бұл ауқымды жобаны мердігер мекеме «Қызылорда электр тарату



тораптары компаниясы» АҚ, техникалық қадағалаушы-«Ақтаустройэксперт» ЖШС, авторлық қадағалаушы – «Start Project» ЖШС атқарған. Тұтас бір ауылдың электр желісін ауыстыру арқылы елді мекеннің электрмен жабдықтау мәселесі түпкілікті шешілетін болады.

Құрылыс саласы бойынша өткен жылы Н.Илиясов ауылдық округіндегі ЖТУ-лерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдар құрылысы, яғни электрмен жабдықтау, су жүйесі жұмыстары басталған. Жалпы жоба құны – 186,5 млн теңге құрайды. 2025 жылы құрылыс жұмыстарын бастауға облыстық бюджеттен – 144,2 млн теңге бөлініп, игерілген. Құрылыс жұмыстары 2026 жылға өтіп, қалған 33,8 млн теңге қаржы бөлінген.

– Қазіргі таңда Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасына құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат хабарлама алуға қатысты тиісті хабарлама берілді. Жобаға сәйкес 3 дана КТПН, 9,0 км-ВЛ-10кВ электр желісі және 3 шақырым ауызсу желісі жүргізілді. Бұл жобаны мердігер мекеме «Бәк-Береке 2023» ЖШС, техникалық қадағалаушы «Экспертизочка» ЖШС, авторлық қадағалаушы «Мекен және Компания»

толық серіктестігі атқарды, – дейді Ф.Тұрлыбеков.

Бюджет есебінен атқарылған жұмыстың қатарында осы жылға А.Тоқмағанбетов және С.Сейфуллин елді мекендерінің электр желілерін жаңарту бар. Осы және Бесарық елді мекеніне жеткізуші газ құбыры мен орамшылқ газ тарату желілерінің құрылысына 2,1 млрд теңге қаржы бөлінген. Бүгінгі таңда аталған жобалардың құрылыс монтаждау жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта ауданның бірнеше елді мекенінде электр желісі жаңартылып, газбен қамту одан әрі жалғасатын болады.

Аудан тұрғындарын тұрғын үймен қамту жыл сайын қарқынды жүргізілуде. Ең алдымен кезекте тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамту ескерілген. Ол үшін Тереңөзек кентінен Коммуналдық тұрғын үй қорынан жапсарлас салынған 50 тұрғын үй – 100 пәтер сатып алуға 1,5 млрд теңге қаржы бөлінгенін айту керек. Биылғы жылдың соңына дейін жапсарлас салынған 50 тұрғын үй – 100 пәтер сатып алынып, пайдалануға берілмек.

Бибісара ЖАНӘЛІ

ҚҰРЫШ ҚОЛДЫ АНА

Біле білген адамға қай уақытта болсын маңдай термен тапқан нанның қадірі биік. Қоғамның өсіп-өркендеуіне үнсіз үлес қосып жүрген жанның қатарында нәзік болмысына қарамастан ауыр еңбекті серік еткен аналар аз болған жоқ. Кейіпкеріміз Әлиқұл Ақмолдаева құрылыс саласында есімі ерекше аталады.

Әлиқұл Әбілдақызы осыдан 68 жыл бұрын Жамбыл облысына қарасты Шу ауданында дүниеге келген. Балалық шағы еңбекке баулыған ортада өтті. Жастайынан жауапкершілікті серік етіп, қандай іске де тиянақтылықпен қарауды өмірлік қағидасына айналдырды. Тағдыр жолы оны Сыр өңіріне алып келді. 1977 жылы Қызылорда өңіріне келін болып түсіп, жаңа ортаға тез бейімделді. Жолдасы Оралбай Қасымұлымен тату-тәтті ғұмыр кешіп, шаңырақтың шаттығын еселей білді. Үйдегі отағасы әскер қатарында Балқаш қаласында азаматтық борышын өтеген. Кейін Шу өңіріне іссапармен барған кезде болашақ жарымен танысады. Әскерден оралған соң сүйіктісін Сыр еліне ертіп келіп, жаңа өмірдің негізін қалайды. Мінезі қайсар, жауапкершілігі жоғары азамат қандай еңбекке де адалдықпен қарады. Әр жылдары киіз өндіру цехында киіз басушы болып еңбек етіп, отбасының берегесін арттыруға өз үлесін қосты.

Ардақты ана ПМК-49 құрылыс мекемесіне сырлаушы болып жұмысқа қабылданады. Сол кезеңде Сырдария ауданындағы Аманкелді ауылында жаңа тұрғын үй көптеп салынып жатқан еді. Құрылыс қарқыны күшейген шақта ер азаматтармен қатар еңбек еткен нәзік жанның табандылығы көпшілікке үлгі болды.

Сырлау жұмысы сырт көзге жеңіл көрінгенімен, үлкен ұқыптылықты, төзімділікті және дене күшін талап етеді. Қабырға әрлеу, үйдің ішкі-сыртқы келбетін көркейту – күнделікті атқаратын міндетке айналды. Әр нысанның сапалы аяқталуына бар күш-жігерін жұмсады. Жолдасы екеуі 1992 жылға дейін құрылыс саласында тынымсыз еңбек етті. Осы уақыт аралығында талай тұрғын үйдің бой көтеруіне үлес қосып, ауылдың сәулетті келбетінің қалыптасуына атсалысты. Сол үйлердің көпшілігінде бүгінгі күні бірнеше буын ұрпақ өсті. Әр шаңырақтың қабырғасында еңбек адамының маңдай тері мен адал

еңбегінің табы жатқаны мәлім.

Әзиз ана отбасында үш қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірді. Ана үшін еңбек пен бала тәрбиесін қатар алып жүру үлкен жауапкершілік. Таң атқаннан кеш батқанға дейін құрылыс алаңында жүріп, кешкілік отбасының қамын жасап, перзенттерінің тәрбиесіне көңіл бөлу – қажырлы еңбек пен аналық мейірімнің үлесімі.

Құрылыс жұмысы аяқталған соң да тыным тапқан күні аз болатын. Туыс-туғанның, ағайынның баспана тұрғызу жұмысына қолғабыс жасап, кешкі уақытта қабырға сылап, кесек құюға қатысатын. Жақындарының қуанышына ортақтасу, қолынан келген көмегін аямай ұсыну – оның адами болмысының жарқын қыры. Кесек құю, сылақ сылау, лай көтеру – бейнеттің бейнеті. Ауыр жұмыста ешбір мұқалмаған ардақты ананың табандылығына тәнтіміз.

Нәзік жан болғанымен, қайсарлығы талай жаңға жігер сыйлады. Ер азаматының жанында жүріп, еңбек тәртібін сақтап, өз міндетін мінсіз атқарды. Қиындыққа мойымай, төзім мен табандылықтың үлгісін көрсетті. Сондықтан әріптестері де оны ерекше құрмет тұтатын.

– Аманкелді ауылында еңбек еткен жылдарым мен үшін ең қымбат кезеңдердің бірі болып қалды. Сол уақытта салынып жатқан тұрғын үйлердің әрқайсысына өз үлесімзді қосуға тырыстық. Жұмыс оңай болған жоқ, бірақ әр үйдің сапалы аяқталып, адамдардың қоныс тоып тойлап жатқанын көру барлық қиындықты ұмыттыратын. Бүгінде ауыл көшелерімен жүріп, кезінде өз қолымыз тиген үйлерді көрген сайын ерекше қуаныш сезімі пайда



болады. Сол баспаналарда бірнеше буын өсіп, бақытты өмір сүріп жатқанын білу – мен үшін үлкен марапат. Еңбек адамды шыңдайды, төзімділікке үйретеді. Сондықтан кейінгі жастар қай саланы тандаса да, өз ісіне адал болып, маңдай термен еңбек етсе екен деймін. Адал еңбектің жемісі әрдайым берекелі болады, ал елге қалдырған игі ісін – өміріңнің ең үлкен байлығы, – дейі ардақты ана.

Бүгінде өткен күнді еске алғанда аяулы ананың бірге еңбек еткен замандастары ойына оралады. Солардың қатарында Тынымкүл мен Жақанша да бар. Құрылыс алаңындағы қызығы мен қиындығы қатар өрілген шақтар, бір-біріне демеу болған күндер, ортақ мақсат жолындағы ынтымақ – жүректе сақталған жарқын естелік десек балады.

Әлиқұл Әбілдақызы 53 жасында көпбалалы ана ретінде зейнеткерлікке шықты. Еңбек адамын үлкен қызмет пен биік лауазым ғана танытпайды. Адал еңбек, маңдай тер, отбасы алдындағы жауапкершілік, туған жердің дамуына қосқан үлес – адам өмірінің шынайы өлшемі. Әлиқұл Әбілдақызының өмір жолы осы ұғымның барлығын бір арнаға тоғыстырған тағылымды ғұмыр.

Ауылдың көркеюіне үлес қосқан әрбір үйдің қабырғасында оның қолтаңбасы қалды. Талай отбасының қоныс тойына себеп болған сол еңбектің бағасы уақыт өткен сайын арта түседі. Осындай ананың қажырлы тірлігі жас ұрпаққа еңбекқорлықтың, төзімнің, жауапкершіліктің және отбасы құндылығының мәнін ұғындырады.

Ақ жаулығын абыройымен арқаалап, аналық мейірімді адал еңбекпен ұштастырған Әлиқұл Әбілдақызының ғұмыры – қарапайым еңбек адамының шынайы шежіресі. Оның өмір жолы адамды биікке жеткізетін күш – адал еңбек пен маңдай тер екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

БАЯБЕКҰЛЫ

«Еңбек – ырыстың бұлағы» деген халық даналығының мәнін өз өмірімен дәлдеп жүрген жандар аразында аз емес. Олар даңқ пен марапатты мақсат тұтпайды. Күнделікті адал еңбегі арқылы елдің алғысына бөленіп, қоғамның дамуына үлес қосады. Сондай азаматтың қатарынан аудан көлемінде танымал құрылысшы, тас қалаушы Жұмағали Таңсықбаевты ерекше атауға болады.

500-ГЕ ЖУЫҚ ҮЙ ТҰРҒЫЗҒАН ҚҰРЫЛЫСШЫ

Құрылыс – үлкен жауапкершілікті, тиянақтылықты, төзімділікті талап ететін мамандық. Әрбір қаланған кірпіш, әрбір құйылған іргетас талай жыл бойы адамның жайлы тұрмысына қызмет етеді. Сондықтан құрылысшының қолынан шыққан еңбек уақыт сынынан өтіп, ұрпақ игілігіне айналады. Жұмағали Әбілұлы осы қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған. Ол соңғы отыз жылдың ішінде бес жүзге жуық тұрғын үйдің бой көтеруіне еңбек сіңірді. Әр шаңырақтың қалануына адал ниеті мен маңдай тері сіңді.

Ұзақ жылдағы табанды еңбектің, кәсіби шеберліктің және үлкен жауапкершіліктің айқын көрінісін нағыз еңбек адамының өмір жолынан аңғарамыз. Кейіпкерімізбен кезекті құрылыс нысанында жүздестік. Жергілікті тұрғынның тапсырысы бойынша жаңа үйдің қабырғасын қалап жатқан сәттің әр минуты тынымсыз тіршілікке толы. Бірі – кірпіш әзірлесе, енді бірі ерітінді дайындайды. Ал Жүмекең әр жұмыстың барысын жіті бақылап, әр бөлшекке мән береді. Оның ісінен асығыстық байқалмайды. Әр кірпіш өз орнына дәл қалануы қажет деген ұстанымға берік.

– Үйдің ғұмыры іргетастан басталады. Іргетасы берік қаланған баспана ғана ұзақ жыл бойы халыққа қызмет етеді. Сондықтан құрылыс жұмысының алғашқы кезеңіне ерекше көңіл бөлеміз. Кейінгі жұмыстың сапасы да осыған байланысты. Қандай жұмыс болса да адал атқарылса ғана берекелі болады. Қолыңнан шыққан дүниеге ұялмай қарай алсаң, еңбегіңнің жемісін міндетті түрде көресің. Құрылысшының абыройы салған үйінің сапасымен өлшенеді, – дейді тәжірибелі құрылысшы.

Құрылыс саласына деген қызығушылығы туған інісі Уәлиханнның қасында жүріп қалыптасқан. Інісінен кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, уақыт өте келе үлкен тәжірибе жинақтайды. Бүгінде елге сыйлы, кәсібіне берік шебер атанды. Сегіз ағайындының алтыншысы болған Жұмағали Әбілұлы еңбекке ерте араласып, маңдай термен келген несібесінің қадірін жастайынан сезініп өсті. Жыл сайын жиырмаға жуық тұрғын үйдің құрылысына қатысады. Табандылық пен төзімділік – үлкен еңбектің нәтижесі. Әр үйдің жобасы әртүрлі болғанымен, сапаға қойылатын талап өзгермейді. Құрылысшы үшін сенім – ең үлкен марапат. Тапсырыс берушінің ризашылығы мен ақ батасы талай жылғы еңбектің өтеуі саналады.

Қазіргі таңда оның бригадасында бес азамат еңбек етеді. Жастары отыз бен елу аралығында. Әрқайсысы өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Ұжымдағы тәртіпке Жұмағали Әбілұлы ерекше мән береді. Құрылыс алаңындағы қауіпсіздік, уақытты тиімді пайдалану, сапаны сақтау – күнделікті құрылыстың басты қағидалары.

Көпшілік оны тек тас қалаушы ретінде таниды. Алайда кейіпкеріміз нағыз әмбебап құрылыс шебері. Қалау жұмысы, сылақ жүргізу, бетон құю, әрлеу, түрлі құрылыс тәсілі – барлығы өзіне етене таныс. Жылдар бойы шыңдалған шебердің қолынан шыққан әрбір нысан сапасымен ерекшеленеді.

Еңбек жолында сан түрлі кезеңдерден өтті. Аптап ыстық, қыстың қақаған аязы, жауын-шашын, жел – құрылысшының күнделікті серігі. Табиғаттың тосын мінезіне қарамастан жұмыс тоқтамайды. Себебі әр тапсырыс иесі өз баспанасын уақытында аяқтауды күтеді. Осындай сәтте төзім мен жауапкершілік алдыңғы орынға шығады.

Жұмағали Әбілұлы құрылыс саласының бүгінгі тынысына алаңдаушылықпен қарайды. Оның айтуынша, қазіргі жастар арасында бұл кәсіпке қызығушылық табытатындар азайып келеді. Көпшілік жеңіл жұмысты құп көреді. Ал құрылыс саласы күш-жігерді, шыдамдылықты, кәсіби машықты талап етеді. Дегенмен адал еңбек еткен жаңға бұл кәсіп әрдайым нәсібін береді.

Тұрғын үй – әр отбасының арманы, әр шаңырақтың берекесі. Сол арманның орындалуына үлес қосып жүрген құрылысшының еңбегі әрдайым құрметке лайық. Жұмағали Әбілұлының маңдай терімен тұрғызылған жүздеген үйде бүгінгі күні талай отбасы бақытты ғұмыр кешіп келеді.

Қоғамның өркендеуі көзге көрінетін үлкен жобаман ғана өлшенбейді. Әр кірпішті ұқыппен қалап, әр үйдің іргесін нықтап жүрген еңбек адамдарының маңдай тері елдің дамуына қызмет етеді. Осындай азаматтың өмір жолы жас ұрпаққа үлгі, адал еңбектің қадірін ұғындыратын тағылым. Жүмекеңнің ғұмыры да осы ақиқаттың айқын дәлелі.

Б.ОРДАБЕКОВ

Меншік иесі:  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ	Телефондар: Бас редактор – 8 (7242) 40-11-10 Бас редактор – 8 (72436) 21-1-41 Тілшілер – 8 (72436) 21-5-73 Электронды сайт – tirshilik-tynysy.kz	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17661-Г тіркеу куәлігі берілген. «Тіршілік тынысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» Тел: 8(7242) 40-06-68
	Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің редакциясы Бас редактор Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ			Таралым саны —2907 Тапсырыс №1349
			Мекен жайымыз: 120600, Қызылорда облысы, Тереңөзек кенті, Аманкелді Иманов көшесі №29 үй. E-mail: tirshilik-tynysy@yandex.kz	Кезекші редактор Балтабай ОРДАБЕКОВ